

## БӨЛІМ: СЦЕНАРИЙ

## 5 қыркүйек тілдер күніне арналған сценарий

ЖАРИЯЛАНДЫ 04.09.2025	ТІРЕК СӨЗДЕР 5 қыркүйек, Сценарий, Тілдер мерекесі	СІЛТЕМЕ <a href="https://bilimger.kz/182476/">https://bilimger.kz/182476/</a>
--------------------------	--	--

«Тіл – халық қазынасы» сценарийі

Мақсаты:

- Оқушыларды ана тілімізді құрметтеуге, елдің болашағына бейжай қарамауға тәрбиелеу;
- Қазақстандағы ұлттар достығын дәріптеу;
- Тіл арқылы бірлікті нығайту, көптілділікке қызығушылық ояту.

Көрнекіліктер:

- «Тіл – қазына» тақырыбындағы плакаттар, нақыл сөздер;
- Қазақстан картасы, ұлттық ою-өрнек;

Проектор (бейнеролик көрсетуге).

Барысы:

I. Кіріспе (Музыкалық әуенмен басталады)

Жүргізуші:

– Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен оқушылар! Бүгін біз ерекше мерекеге жиналдық. 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні. Бұл күн – қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні.

– Тіл – әр халықтың жаны, болмысы, мәдениеті мен тарихы.

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

II. Негізгі бөлім

1. Әдеби композиция

Оқушы 1:

- Туған тілім-бабам тілі-өз тілім,  
Туған тілім-анам тілі-өз тілім.  
Туған тілім-далам тілі-өз тілім,  
Туған тілім-адам тілі-өз тілім.

Оқушы 2:

- Ана тілің - арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте!

2. Ахмет Байтұрсынұлы туралы қысқаша дерек

Слайд немесе бейнеролик көрсету.

Жүргізуші:

- Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ халқының ұлы ғалымы, ұстазы, тіл жанашыры. Ол қазақ әліпбиін түзеп, алғашқы оқулықтарды жазды. Сондықтан да Тілдер мерекесін дәл осы күні атап өтеміз.

3. Сахналық көрініс: «Көп тіл - көп мүмкіндік»

Оқушылар әр тілде сәлемдеседі:

Қазақша: «Сәлеметсіз бе!»

Орысша: «Здравствуйте!»

Ағылшынша: «Hello!»

Түрікше: «Merhaba!»

Бір шағын диалог ойнайды: мысалы, әуежайда әртүрлі елдің балалары кездеседі.

4. Викторина ойыны - «Тіл өнері - діл өнері»

Сұрақтар:

1. Қазақстанда қанша этнос тұрады? (130-дан астам)
2. Мемлекеттік тіл қай тіл? (Қазақ тілі)
3. «Екі жақсы қас болмас, екі жаман дос болмас» - қандай сөз өнері түрі? (Мақал-мәтел)
4. «Жеті қазынаның» бірін ата. (Ит, қыран, т.б.)
5. Ағылшынша «Білім» сөзі қалай айтылады? (Knowledge)

5. Ән / Би

«Ана тілім - ардағым» әнін бір оқушы орындайды немесе топпен хор түрінде айтуға болады.

Қазақ биін билейтін шағын топ шығады.

### III. Қорытынды бөлім

Жүргізуші:

– Бүгін біз тілдің ел бірлігін сақтаудағы маңызы туралы айттық. Қазақстан – көпұлтты мемлекет, онда әрбір халықтың тілі, дәстүрі құрметтеледі. Бірақ барлығын біріктіретін – мемлекеттік тіл, ол – қазақ тілі.

– «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» – деген қанатты сөзді әрқашан есте сақтайық.

Барлық оқушы бірлесе:

«Қазақ тілі – Мәңгілік елдің тілі!» деп айтады.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.